

Жетісу облысы бойынша 2025 жылдың III тоқсанына әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін бекіту туралы

Жетісу облысы әкімдігінің 2025 жылғы 5 тамыздағы № 243 қаулысы

"Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына, "Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 282 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 90939 болып тіркелген) сәйкес Жетісу облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Жетісу облысы бойынша 2025 жылдың III тоқсанына әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндері бекітілсін.

2. "Жетісу облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын барлық қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Жетісу облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Б. Исабаев

Жетісу облысы әкімдігінің 2025 жылғы
"___" _____ № _____ қаулысына
қосымша

Жетісу облысы бойынша 2025 жылдың III тоқсанына әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндері

№	Тауардың атауы	Өлшем бірлігі	III тоқсан
1	Бірінші сортты бидай ұны	теңге/ килограмм	329
2	Бірінші сортты ұннан жасалған бидай наны (пішінді)	теңге/ килограмм	253
3	Рожки (өлшеніп салынатын)	теңге/ килограмм	447
4	Қаракұмық жармасы (дән, өлшеніп салынатын)	теңге/ килограмм	324

5	Тазартылған күріш (домалақ дәнді, өлшеніп салынатын)	теңге/ килограмм	584
6	Картоп	теңге/ килограмм	336
7	Асханалық сәбіз	теңге/ килограмм	328
8	Басты пияз	теңге/ килограмм	304
9	Ақ қауданды қырыққабат	теңге/ килограмм	165
10	Ақ қант – құмшекер	теңге/ килограмм	452
11	Күнбағыс майы	теңге/литр	882
12	Сиыр еті (сүйекті жауырын-төс бөлігі)	теңге/ килограмм	3643
13	Тауық еті (сан сүйек және іргелес жұмсақ еті бар сан жілік)	теңге/ килограмм	1756
14	Пастерленген сүт, майлылығы 2,5%, жұмсақ қаптамада	теңге/литр	340
15	Майлылығы 2,5% айран, жұмсақ қаптамада	теңге/литр	394
16	Сары май (тұздалмаған, майлылығы кемінде 72,5%, толықтырғыштар және өсімдік майлары жоқ)	теңге/ килограмм	5469
17	Тауық жұмыртқасы (I санатты)	теңге/ дана	660
18	Ас тұзы ("Экстра"-дан басқа)	теңге/ килограмм	91
19	Сүзбе: майлылығы 5-9%	теңге/ килограмм	1785